

ШЖҚ «Көксу аудандық орталық ауруханасы» МКК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша семинар-кеңес
хаттамасы

12.09.2025 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық ауруханасы» комплаенс қызметі семинар кеңес өткізді;

Қатысқандар: медицина қызметкерлері
Комплаенс-офицер Нуржигитова С.Б.

Күн тәртібі:

- 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы семинар кеңесі.

Комплаенс маманы – С.Б.Нуржигитова түсініктеме берді: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрбір азаматтың борышы. Сыбайлас жемқорлық жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы өзі үшін не үшінші тұлғалар үшін, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл субъектілерінің қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік мемлекет Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында медициналық қызметкерлеріне үстемақыны мақсатты жұмсау мәселелері ерекше бақылауда және тұрақты негізде тиісті жұмыстар жүргізеді. Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері

заңсыз болып табылады және қылмыстық кодекспен әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің әрекет ету саласына жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактусу туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл өзге де жолмен жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Комплаенс офицер: Нуржигитова С.Б.

